

Жүз он екінші тарау — Патша Иса билік құрғанда

Армысыз, ардақты ағайын, қымбатты тыңдарман! «Үміт ұшқыны» бағдарламасының кезекті санына қош келдіңіздер. Студияда сіздермен бірге — жүргізуші мен Сабыр. Сіздермен эфир арқылы қайта қауышып отырғаныма қуаныштымын. Біз Киелі Жазбаның Жаңа Өсиетіндегі алғашқы кітап — Матай жазған Ізгі хабармен танысып келеміз. Бүгін біз «Патша Иса билік құрғанда» деген тақырыпты қарастырамыз. Мәсіхшілік сенімдегі ең ұлы ілімдердің бірі — Иса Мәсіхтің жер бетіне қайта келетіні туралы ілім. Киелі жазбада Оның бір кездері осы дүниеде өмір сүргені, айқышта өлгені, жерленгені, өлімнен қайта тірілгені және салтанатты ұлылықпен көкке көтерілгені анық айтылған. Киелі кітап Исаның қайта келетінін айтады. Бұл оқиғаға бүкіл дүниені қамтитын тұрғыдан қарауымыз керек. Исаның белгілі бір жердің ғана Құтқарушысы емес, бүкіл дүниенің Құтқарушысы екенін ұмытпауымыз қажет. Пайғамбарлар мен періштелер Оның құтқару ісі туралы ғана емес, патшалық билігі жайында да айтты. Иса патшалық билігін әлі толық орнатуға тиіс. Матай жазған Ізгі хабардың 24 және 25-тарауларында Иса Өзінің болашақтағы патшалық билігі туралы айтады. Матай 25:31–46-аяттарынан ПАТША ИСА БИЛІК ҚҰРҒАНДА не болатынын білеміз.

«Құдай тағайындаған Билеуші қасиетті періштелерін ертіп ғаламат ұлылықпен көктен келген кезде Өзінің салтанатты тағына отыратын болады. Барлық халықтар Оның алдына жинап әкелінеді. Ол шопанның қойларды серкелерден ажыратқанындай адамдарды екі топқа бөліп, «қойларды» оң жағына, «серкелерді» сол жағына қояды. Сонда Патша оң жағындағыларға былай деп үкім шығарады: — Әкем жарылқағандар, келіңдер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар! Себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердіңдер. Бейтаныс болып баспана іздегенімде Мені үйлеріңе қабылдадыңдар. Киімсіз жүргенімде киіндірдіңдер, ауырғанымда Маған қамқорлық жасадыңдар, түрмеде отырғанымда артымнан келіп тұрдыңдар. Сонда әділдер Оған: — Иеміз, қашан Сіздің ашыққаныңызды көріп, тамақтандырған едік? Немесе шөлдегеніңізде сусын берген едік? Қашан бейтаныс болып баспана іздеп жүргеніңізді көріп, Сізді қабылдаған едік? Немесе киімсіз жүрген Сізді киіндірдік? Қай кезде Сіз ауырып не түрмеде жатқаныңызда артыңыздан келіп тұрдық? — деген сұрақ қояды. Патша оларға былай деп жауап береді: — Сендерге шындығын айтамын: Менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған

жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасаған жақсылықтарың! Бұдан кейін Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады: — Менен аулақ кетіндер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіндер! Себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенде сусын бермедіндер. Бейтаныс болып баспана іздеп жүргенімде Мені үйлеріңе қабылдамадыңдар. Киімсіз жүргенімде киіндірмедіндер, ауырып не түрмеде жатқанымда артымнан келмедіндер. — Олар да: — Иеміз, біз қашан ашыққаныңызды не шөлдегеніңізді, бейтаныс болып баспана іздеп, киімсіз жүргеніңізді я болмаса ауырып не түрмеде жатқаныңызды көріп, Сізге көмектеспедік? — деп сұрайды. Ол сонда: — Сендерге шындығын айтамын: мыналардың ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасамаған жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасамаған жақсылықтарың! — деп жауап беретін болады. Сонымен бұлар мәңгілік азап шегуге кетеді. Ал әділдер мәңгілік өмірге ие болады, — деді Иса».

Патша Иса билік құрған кезде бірнеше шешуші **ӨРЕКЕТ** жасайды. **ОНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ТАНЫТУЫ** көктегі Құдайдың ұлылығын жер бетіне әкеледі. Иса қайта келгенде салтанатты ұлылықпен келетінін айтты. Киелі кітапта Құдайдың ұлылығы туралы көп айтыла бермейді. Бірақ айтылған тұстары адамды ерекше таңғалдырады. Қарапайым адамдар Құдайдың ұлылығының алдына келгенде, оған төтеп бере алмады. Киелі кітапта Оның қол жеткізгісіз нұрда тұратыны айтылған. Соған қарамастан, Иса айқышқа шегеленер алдында бас діни қызметкер ретінде еткен дұғасында: «Ал енді, Әке, әлем жаратылмай тұрғанда Менің Өзіңмен бірге болғандағы ұлылығымды қайтадан көрсете гөр», — деп сиынды. Иса қайта келген кезде жасайтын алғашқы әрекеті — Өзінің салтанатты ұлылығын таныту.

Ол Өзінің салтанатты тағына отырады: «Өзінің салтанатты тағына отыратын болады». Қымбатты досым, Исаның салтанатты тағының алдында жердегі барлық патшалардың сән-салтанаты көмескі тартады. Оның тағы аса ұлы болады. Аян кітабының 19:11–16-аяттарынан Исаның салтанатты ұлылықпен келетін ғажайып көрінісін көруге болады. Қымбатты досым, бұған сенімді болыңыз: Патша Иса билік құрғанда, Ол патшалардың Патшасы әрі иелердің Иесі болады. Оның алғашқы әрекеті — Өзінің салтанатты ұлылығын таныту.

ОНЫҢ АДАМДАРДЫ БӨЛУІ көктегі Құдайдың білімін жер бетінде танытады. Оның алдына кейбір халықтар ғана емес, барлық халықтар жиналады. Содан кейін Ол адамдарды бір-бірінен ажыратады. «Қойларды» Өзінің оң жағына қояды. «Қойлар» — Оның избасарлары. Жердегі қызметі

кезінде Иса Өзінің Ізгі Бағушы екенін түсіндірді. Ол қойларының Өзінің даусын танып, соңынан еретінін айтты. Енді Оның сүйіспеншілікпен айтқан шақыруына назар аударыңыз. Ол «қойларға»: «Әкем жарылқағандар, келіндер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алындар!» — дейді. Қымбатты досым, бұл қысқа уақытқа арналған жоспар емес. Ол әлем жаратылмай тұрып-ақ Құдайдың жоспарында болған. Бұл Патшалықты Әке әлем жаратылғаннан бері дайындап қойған. Оның сүйіспеншілікке толы шақыруы қандай керемет!

Иса «қойларды» оң жағына бөліп қана қоймай, олардың істеріне де мұқият баға береді. Ол ашыққанда, шөлдегенде, баспана іздегенде, киімсіз жүргенде, ауырғанда және түрмеде отырғанда олардың Өзіне қалай қамқорлық жасағанын айтады. Олар Оған қызмет етті. Олардың мейірімді істері Исаға деген сүйіспеншілігінен туындады. Бірақ олар Исаға қашан қызмет еткендерін түсінбеді. Өйткені өз ойларынша, олар Оны көрмеген еді. Олар Исаның ашыққанын, шөлдегенін, баспана іздегенін немесе киімсіз жүргенін көріп, Оған қызмет көрсетпеген еді. Сонда Иса оларға: «Менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасаған жақсылықтарың!» — деп түсіндірді. «Қойлар» өздерімен бірге сенетін бауырларына қызмет етті. Иса оларды нұсқап: «Менің мына бауырларымның тіпті ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасаған жақсылықтарың!» — деді. Мұны есте ұстауымыз өте маңызды. Осы сөздері арқылы Иса Өзін солармен біртұтас санап, оларды Өзінің бауырлары деп атады.

Адамдарды бөлген кезде, Иса «серкелерді» сол жағына қояды. Олар — екіжүзділер мен сенбейтіндер. Иса оларға мынадай қатаң үкім шығарады: «Менен аулақ кетіндер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!» Олар осы дүниеде шайтанның жолымен жүрді, сондықтан мәңгілікте де онымен бірге болады. Бұл — өте қатаң сөздер. Екі топтың арасындағы айырмашылыққа назар аударыңыз. «Қойларға» Иса: «Келіндер!» — деді. Ал «серкелерге»: «Менен аулақ кетіндер!» — деді. Содан кейін Ол олардың істерін ашық айтты: «Себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенде сусын бермедіндер. Бейтаныс болып баспана іздеп жүргенімде Мені үйлеріңе қабылдамадыңдар. Киімсіз жүргенімде киіндірмедіндер, ауырып не түрмеде жатқанымда артымнан келмедіндер». Олар мұқтаж адамдарға сүйіспеншілік танытпай, тек өздерін ойлады.

Сонда олар: «Иеміз, біз Сізді мұндай жағдайда қашан көріп, көмектеспедік?» — деп сұрады. Иса оларға: «Мыналардың ең маңызсыз болып көрінген біреуіне жасамаған жақсылықтарың — шын мәнінде Маған жасамаған жақсылықтарың!» — деп жауап берді. Оларды толығымен өзімшіл жүректері басқарды. «Серкелер» сол жаққа бөлініп, Иса оларды шайтанмен бірге мәңгілік отта болуға үкім етті. Бұл қысқа мерзімге ғана берілген жаза емес. Мәңгілік от шайтан мен оның хабаршылары үшін дайындалған. Қымбатты досым, Патша Иса билік құрғанда кімнің Өзіне тиесілі, ал кімнің тиесілі емес екенін анық білетініне сенімді болыңыз. ОНЫҢ АҚЫРҒЫ ҮКІМІ көктегі Құдайдың әділдігін жер бетіне әкеледі. Зұлымдар мәңгілік жазаға тартылады. Одан құтылудың ешқандай мүмкіндігі болмайды. Ал әділдер мәңгілік өмірге ие болады. Оның да соңы болмайды.

Адамдардың мәңгілік тағдырын анықтау — Исаның соңғы шешуші әрекеті. Бұл ойды есімізде ұстауымыз керек. Өйткені осыдан кейін ештеңе өзгермейді. Патша Иса билік құрғанда, әрбір үкімнің түпкілікті болатынына сенімді болыңыз. Қымбатты досым, шешім қабылдайтын уақыт келді. Исаның ізбасары ретінде мен «қойлар» Жаратқан Иеміздің оң жағында тұратын сол керемет күнді асыға күтемін. Сізден өтінемін, Исаға шынымен сенетініңізге көз жеткізіңіз. Иса патшалардың Патшасы әрі иелердің Иесі ретінде билік құрады. Бұған еш күмән жоқ. Сондықтан бүгін Оның даусын естісеңіз, жүрегіңізді қасарыстырмаңыз.